

1 2012  
37014к

**ПОЭЗИЯ**

**Серік  
АҚСҰНҚАРҰЛЫ**

**ҚАРАОРМАН**





1 2012 / 34014К




ЛОЭЗИЯ  
ЖАНА ЗАМАН  
ӘДЕБІЕТІ

# Серік АҚСҮНҚАРҰЛЫ

# КАРАОРМАН

Өлеңдер



© Ақынчылова О.  
«Лоэзия» 2012

Алматы 2012  
“Ел-шежіре” 2011

УДК 821.512.122 –

ББК 84 Қаз 7-5

А 37

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөніне ақпарат министрлігі*

*Ақпарат жөніне мұрагат комитеті*

*«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін бастып шығару»*

*багдарламасы бойынша шығарылды*

Аксұнқарұлы Серік.

А 37 ҚАРАОРМАН. Өлеңдер. – Алматы, «Ел-шежіре» ҚҚ, 2012. – 384 бет.

ISBN 978-601-7317-19-5

Қазақтың айтулы ақындарының бірі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Аксұнқарұлының «Қараорман» атты бұл жинағына кірген кез-келген өлең-жырынан өршіл рұх, асқақ мұрат, шарболаттай суарылған жігер мен қайрат көрінеді. Ақынның өзі өмір сүріп отырган ортаға, қоғамға, табиғатқа деген ой-пікірлері, сыни көзқарастары өткір тілмен, образды суреттермен әдемі өрнектелген.

«Қараорман» казағым, елім, жұрттың деген әрбір оқырманды Отанды, ел мен жерді сүюге жетелейтіні сөзсіз.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-7317-19-5

© Аксұнқарұлы С. 2012

© «Ел-шежіре» ҚҚ, 2012

## **ҚАРАОРМАН**

Тасын жарып, мұз құрсанған шыңдардың,  
 Қара жерде қарагай бол бүр жардым.  
 Жазда – аптағ, қыста – аязды көзге ілмей,  
 Жар басында жап-жасыл бол тұрганмын.

Текті жүрттың –  
 Әрі – ұлы, әрі – ірі,  
 Топырақта жатады ылғи тамыры.  
 Мен Алтайдан алты ағаш бол шығып ем,  
 Алты Алашқа айналдырған – Тәнірі.

Құдай мені Турік қылды құты – ұлы,  
 Жаным – сонда, тән де – соның тұқылы.  
 Мен – Алтайдан Ақсораңға кеп түскен,  
 Қарагайлы Қараорманның тұқымы.

Манғаз Мағжан,  
 Өр Қасым да сол жүрттан,  
 Сорғалаған көз жасым да сол жүрттан.  
 Қара басты тәрк қылыш қашанда,  
 Қараорман деп зарлайтыным – сондықтан.

Жан сіміріп жасыл жүрттың жарығын,  
 Жастайымнан узызима жарыдым.  
 Қараорманым Ҳаққа қарап күніренсе,  
 Қаксайды, Алла-ай, алпыс екі тамырым...

## АҚСҮНҚАР, СЕН ДЕ ҚҰССЫҢ, МЕН ДЕ ҚҰСПЫҢ...

---

### ПУШКИНМЕН КЕЗДЕСУ

Тарқамаған балалықтың базары,  
Мұза келіп ала берген мазаны.  
Сәби едім. Сәби шерін қозгасын.

Өлеңменен ерте есейдім өз басым.  
Александр жырларынан азалы  
Адамзаттың көрдім ашы көз жасын.

Оранып ап қыста... жылы көрпеге,  
Бала тәнім отты ойлардан өртене,  
Жаттым жылап көнілден бір күй кетіп.

Балалықты даналық кеп – күйретіп:  
Ақын қаны тамған мұнды өлкеге  
Мұза мені алыш кетті сүйретіп!

Көз алдымда зулап өтіп бар кескін,  
Киялымда қыршынымда-ақ қан кештім.  
Мениң досым – досы барлық Пушкиннің.  
Мениң досым – қасы барлық Дантестің!

\* \* \*

Шыбын жан барда даラға жетейін,  
Кеудемді ашып пәкпін – деп.  
Күдіретіңен садаға кетейін,  
Күрманғазы мен Тәттімбет!

Елестеп өтсін Құлагерің де,  
Алтынға тағалатқандай;  
Қырық мың тұлпар құба белінде  
Қикулап бара жатқандай!

Парағын эпос – дастан ашсын да,  
Паш етсін қазақтығынды.  
«Адай» күй ойнап аспан астында,  
Іздесін азаттығынды!

Шыңғысхан...

Ақсақ Темір өтеді,  
Елестеп – ұшқан ұландар;  
Домбыраларды еніретеді  
Азалы – «Ақсақ құландар!»

Темірлер кімді тебірентеді  
Мінсе де қанша қаһарға?  
Күй Елі!  
Күйдің Мемлекеті!  
Жалғызың – күллі жаһанда!

Шыбын жан барда далаға жетейін  
Кеудемді ашып пәкпін – деп.  
Құдіретіңнен садага кетейін,  
Құрманғазы мен Тәттімбет!

### **СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ**

Тілеубай Әзімбайұлына  
Созактай ел бар ма екен пан даламда,  
Күллі Алаш сондай болса – сандалам ба?!  
Бетіне Сталиннің сол түкірген,  
Белдеуде аша түяқ қалмағанда.

Бұлдырап жұртың қалған жол артында,  
Өңіңен ер – ел жұртына болар тұнға –  
Қан кешіп Қадыр – Қалман қашқан кезде,  
Әзімбай әкең сениң – он алтыда.

Егіліп ел, еңіреп Сыр жылап тұр,  
Памирдің шатқалында құлдырап бір, –

Қоңырат жұрты көшті, Сартай қажы  
Моласы көз үшінда бұлдырап тұр.

Қазақтың хабар айтпай құсы келіп,  
Жат жерде –  
Шөлде кеуіп, үшіп – өліп –  
Қаншама бауыр қалды баудай түсіп,  
Қажының сол моласы түсіне еніп?

Тұғаннан жанталасып жарыққа ердін,  
Сазына сағыныштың салып келдін.  
Сол көштен қалған күллі зәузатынды,  
Көшіріп Алашыңа алып келдің!

Ақыры түгенделіп жаны, малы,  
Алашың аймак болды арыналы.  
Марқайдың Созағыңа жұртынды әкеп,  
Сартайдың ырза Саган әруағы...

### АНАМА ХАТ

Аман ба, Тәте, армысыз?  
Аспанда жүзген Ай-көніл...  
Үстінде Жердің бармысыз?  
Армысыз, анам, әйтеуір.

Кейінгі кездे күстәна  
Боп кеттім неге мүнша мен?  
Тебенен өткен құстан да  
Жүрсің бе жолдаң бір сәлем?

Уақыт-ай, зулап үшқан кеп,  
Ұрлайды-ай күнде жамалын.  
Сіз жақтан-дағы құстар кеп  
Кектемнің берді хабарын.

Ақсораң жаққа үшқанда,  
Отыра қалып жүремнен,

Тәбемнен өткен құстан да  
Сан сәлем жолдан жібергем.

Сол құстар, Тәте, барды ма  
Көктемді алып жетекке?  
Қаңқылдаپ, шулап қонды ма  
Ақжарық деген бекетке?

Кеттім-ау, Тәте, алыстан,  
Жүдеме, ойлап, күрсінбе.  
Өкпеннің дерті тағы ұстап,  
Талықсып қалып жүрсің бе?

Күркілдеп жатқан қеуденде  
Қандай дерт екен, анам-ай?  
Ажалдың құсы келгенде  
Әкем де кеткен қарамай...

Күдіктің зілдей тауын да  
Көтеріп келем бекем бір.  
Бәрін де тастап, ауылға  
Аттанып кетсем бе екен бұл?

Білгендей соны: «Қолыңнан  
бал ашамын» – деп, шаршамай,  
Тұрады күтіп жолымнан  
Цыганның қызы қаршадай.

Тындадым ұйып болжамын:  
– Әулием, айтып бергін, – деп.  
Сөзіне ылғи сол жанның  
Тұрады, Тәте, сенгім кеп!

Аман-саяу екен ел-аймақ.  
Әулиен айтып тұр, міне:  
Болжады цыган мені ойлап  
Көз ілмей жүргенінді де.

Деді ол: «Жағдай қын, көр:  
Дімкәстаяу екен шешеніз.  
Тағы да біраз... тиын бер  
Оның да мәнін шешеміз!»

Жанымның бүлгітты аспаны  
Несерлер пері кезі кеп:  
«Алышыз мынау ақшаны!  
Айтыңыз – деймін. – Тезірек!»

Картасын жайып жақадан  
Шомды ойға цыган не түрлі.  
Үстінде жердің әлі аман  
Жүрген бір тәнірі секілді!

«Сеніңіз мендей пендеге,  
Журегі адал десеніз:  
Міндадар болмай емге де  
Сауығады екен шешеніз!»

Сөйлейді цыган шабытты,  
Қалтасы бүгін олжалы.  
Болашағында бақытты  
Болатыныңды болжады!

Тыңдадым үйіп болжамын  
– Ерікті саған бердім, – деп.  
Сөзіне ылғы сол жанның  
Тұрады, Тәте, сенгім кеп...

Уақыттың шеру, дурмегі  
Барады алып шығанға.  
Көрінбей... соңғы кундері  
Із-түзсіз кетті цыган да.

Іздеймін соны көшеде,  
Көзіммен тінтіп...

Не еken бұл?  
Адамды сендірмесе де,  
Алданыш керек еken бір!

Қонақжай әдет-ғұрпы мол  
Жанына тұрган жарасып –  
Ауылда жүр ме, мүмкін олы  
Енді еркін маған бал ашын?

Иесі – жел ме, дауыл ма,  
Дегбірсіздердің бірі еken.  
Қалайша біздің ауылға  
Қанғырып бармай жүр еken?!

Сан жерде ұлың сыналған  
Тап болып тағдыр кermесі.  
Мен жайлы ешбір цыганнан  
Ештеңе ести көрмеші.

Қыран боп шыңды шолам мен,  
Кеудеме шабыт қонған соң.  
Адамның ұлы болам мен –  
Анамның ұлы болған соң.

«Шуаққа менің мол жаным...» –  
Десе егер біреу, мен гүлдеп:  
Сөзіне ылғи сол жанның  
Тұрады, Тәте, сенгім кеп.

Біреулер бөгеп жолымды  
Жүрсе егер: «Құдай атты!» – деп.  
«Алтыңыз, – деймін – қолымды!  
Айтыңыз, – деймін – ақ тілек!»

Кім білсін, осы сөзімді  
Ұқты ма ол, жанға жақты ма?  
Арбап кеп менің көзімді  
Алдаш кеп... оғын атты ма?!

Кім білсін, осы бәрінен  
Қыындау... Қайтіп жан бағам:  
Алданып келем әлі мен,  
Әлі де қанша алданам?!..

Таныс көп, Тәте, менде де  
Дейтұғын: «Кетпес есеніз,  
Сеніңіз мендей пендеге,  
Жүрегі адал десеніз!»

Сенемін. Ұқпас мені кім?  
Үмітке жаңым кенелді:  
Адамға деген сенімім  
Алдамас мүмкін мені енді...

\* \* \*

Есінде ме Шайтанкөлдің түндері,  
Қиял бізді сонда алысқа сүйреді.  
Өмір деген тәтті болыш кеткен-ді,  
Сонда сенің ерініңен сүйгелі.

Кез алдында – сауал толы көздерін,  
Жанарынды жаһан қылыш кезгенім.  
Өмір заңы өз әмірін жүргізді  
Сен сезбедің... мен де түкті сезбедім...

Тарпаң тағдыр жанышып басып еңсені,  
Жолға шықтық...  
Жоқ! Жоғалттым мен сені!  
Мәрт ғашықтар бір-біріне әмірде  
Мәңгі бақи кездеспейді деуші еді...

...Күстай ұшып Шайтанкөлге жеттім де  
Елесіңе тұрдым тағзым еттім де.  
Сен де сеніп сол әзәзіл сөздерге  
Кездескеннің қолын ұстап кеттің бе?

Сенбеші оған, сұра жүрттан сыналған,  
Сұрашы анау шында түрган шынардан:  
Алдау үшін ғашықтарды анғалак  
Пасықтар ғой соны ойлап шығарған!

Сенбеші оған... есінді алған сүм ағын –  
Қайда әкетіп бара жатыр?  
Тұл – әнім...  
О, сүмдық-ай!  
Қасаң қағидалардан  
Тарс жарылып кетер ме екен құлағым?!

Сенбеші оған... Елең қылма түгін де,  
Өткенде емес бар үмітім – бүтінде.  
Жалғыз өзім жастаңып ап жартасты  
Күтем сені Шайтанкөлдің түбінде.

Сенбеші оған... Жанбыр менен жасында,  
Тірі жан жоқ–табиғат бар қасымда –  
Есіл шақты еркін еске түсіріп,  
Күтем сені Шайтанкөлдің басында.

Келші, жаным... Сұытпашы бекер бой,  
Шайтанкөлің – қасиетті мекен ғой.  
...Мәртәшықтар бір-біріне өмірде  
Мәңгі бақи жолықпайды екен ғой.

\* \* \*

Қас қағымда дуние бүлінді ме,  
Кеттің хабар-ошарсыз түңілдіре.  
Жат ереккек жүрегің жүгінді ме?  
Шайтанкөлде кездесіп қалып едік,  
Бүкіл жерде жоқсың сен бүгін, міне.

Күнімді де тәрк етіп – батпайтұғын,  
Таңымды да тәрк етіп – атпайтұғын,

Іздеп келем.  
Белгілі – таппайтыным.  
Құпиям боп қалдыңғой, ғұмыр бойы  
Жүргегімнің түбіне сақтайтуғын.

Шайтанкөлге сені іздеп талай бардым.  
Жоқтығыңды білгенде – қалай бардым?  
Сан баармын.  
Әлі сан қарайлармын,  
Ішкұса боп таба алмай тарта берем,  
Келіп кеткен жолымен талайлардың.

Мен секілді мазасыз шерлі еken көк,  
Барған сайын... нөсерін селдетең кеп.  
Табысатын кезім де келді еken деп,  
Арулардың жалт еткен жанарына  
Жалтақ-жалтақ қаармын сен бе еken деп.

Дөңбекшітіп сені де төсегінде,  
Шырылдаса сағыныш – сезім – бала,  
Сабыр беріп жур ме еken төзім – нала?  
Қалай десең – олай де, осы өмірде  
Сүйген, сүйе білетін – өзім ғана.



## ШЫҢҒЫСТАУ. ФАСЫРЛАР. АБАЙ.

Фасырлар келеді ұшып оттай жаңып,  
Құр бәрін жайпап өтіп құныққандай.  
Үстіне Шыңғыстаудың тоқтай қалып  
Кетті ағып, – тұрып қалмай...

Кетті ағып. Сан жеткісіз – санасандар.  
Тамам үн соныменен тамамдалды.  
Талаілар көмілді де қара шаңға,  
Абайлар – аман қалды!

Фасырлар келеді ұшып оттай жаңып.  
Тұсін де түстеп жөндеп қарамадық:  
Үстіне Шыңғыстаудың тоқтай қалып,  
Тағы да барады ағып... Барады ағып.

Жаңа жыл жалт қаратып тұнғыш қарға,  
Тұрса да алуан іс алдымға кеп,  
Келеді жетіп барғым Шыңғыстауга:  
«Топырағында Абайлар қалды ма?» – деп.

Фасырлар құсша ұшады. Қарасандар –  
Керемет мазасыздық келбетінде.  
Талаілар көмілсе де қара шаңға  
Қалса екен Абайларым – Жер бетінде!

\* \* \*

Саған арнап сұлу жырдан гүл өрдім.  
Гүл өрдім де тығырыққа тірелдім.  
Рухынды – бұлдыраған елестан –  
Өлеңіміне айналдырып жібердім.

Өлеңімсіз бозаң тартар өң кірмей –  
Өр кескінің – өзегімнің өртіндей.  
Дүниеде менен күшті еркек жок,  
Бір әйелді алыш қалдым өлтірмей!

Қанатымыз ұша-ұша талғанда,  
Енді бізге құлау ғана қалған ба?  
Бұл жалғанда сенен асқан ару жоқ,  
Менен асқан еркек жоқ бұл жалғанда!

Саған арнап сұлу жырдан гүл өрдім,  
Гүл өрдім де тығырыққа – тірелдім.  
Рухыңды – бұлдыраган елестен  
Өлеңіме айналдырып жібердім.

\* \* \*

Дала – дастан!  
Бала жастан оқып өскем сені мен,  
Кекпаратың араласқам құлап аттың ерінен.

Кызы кууда ұлы халық намысына күйгемін.  
Ат үстінен жулып алып аруыңды сүйгемін!

Кереметім – кеңдікте! – деп,  
Серілікте! – деп ел өсті.  
Бұл далаға – ерлік керек, ездік... керек емес-ті.

Басымды оқтап ала қашпан.  
Елім ермен – еңсели.  
Дала – дастан!  
Бала жастан оқып өскем мен сені!..

\* \* \*

Мен сені сағындым көктемде,  
Тәбемнен жыл құсы өткенде,  
Домбыра күйшіге тап болып  
Әдемі әуенін төккенде.

Түк те жоқ, өзіңсін санада,  
Сағыныш, жалыныш, нала да.  
Мен сені сағындым далада,  
Мен сені сағындым қалада.

Сені іздең шекті азап есіл ар,  
Мені де сен де бір есіңе ал.  
Сүюді білмейтін адамның  
Осынау өмірде несі бар?!  
Мені де сен де бір есіңе ал...

## ТҮС

Көгіндегі жұлдыз еді бір сұлу,  
Сыр ғып маған соны айтушы ең қымсынып.  
Жыр ғып айтып келе жатсан, көшіде  
Көріп соны... қалушы едің тұншынып.

Кыз да сені жүрген сынды түсінбей,  
От сезімің жатты өртеніп ішінде.  
Қандай ғажап мынау мылқау махаббат!  
«Үйленіппін, – дейсің – соған түсімде...»

...Менің түсім – керегарлау – шатағы:  
Сол бір сұлу шат – күлкісі, шат әні –  
Жат төсекте жат жастықты... жастанып,  
Жат біреумен құшақтасып жатады!

Елең қылмай үйқыны да, түсті де,  
Кенет сонда маған бітіп күш, міне:  
«Бассыздықты тоқтатындар, кәне!» – деп  
Екеуінің кіріп барам үстіне!...

Шыңжырлаулы иттері үріп абалап:  
«Миы ауыскан жынды ма?!» – деп табалап  
Сонда екеуі атып тұрып төсектен  
Айдал шықты сыпырғышпен... сабалап!

Сол түсіме сені қайтып сендірем?  
Бекежанды саған қайтып жеңдірем?  
...Бұдан бұлай ғашық болған жандардың  
Арасына түспеспін-ау енді мен...

\* \* \*

Келеді алыш қашқым –  
Жегідей жеп, жанымды құса қылған  
Түн аңдыған бұзықтың пыщағынан,  
Жасындардан кенеттен жарқ ететін,  
Сұлулық пен пәктікті тәрк ететін  
Дон Жуанның темірдей құшағынан!

Керекарды қалайша келістірем!  
Көзім алды – қайшылық, керіс қілең!  
Болсам егер қарандар санатында  
Қысып алыш өзінді қанатыма  
Алыш қашып кетер ем Жер үстінен!

Алыш қашып кетер ем, сол – тыныш-ты,  
Маған керек басқа әлем мол тынысты.  
Қайда барып еркін бір дем аламыз?  
Хиросима – секілді Жер-анамыз!  
Өмір сұру не деген қорқынышты...



## ӘКЕ МЕН ҮЛ

*Роберт Рождественскийден*

Бұл – ән еді.

Айтып беремін ғой деп

түсінде де, өндө де қаларсыз...

Кеткен эке:

«Қайтып келемін ғой...» деп

Қан төгістен оралған жок,

Хабарсыз...

Жиырма жылдай бонты-ау...

көп пе, соншама?

Сонында егер үрпақ қалса, о да – сын:

бала экесін іздең кетті Польшаға.

Ең болмаса көрейін деп моласын...

Тапты-ау іздең сорлы бала-ай... сенделген.

Рухына басын иді, құлыным...

Экесінен жат өлкеде жерленген.

Жасы да үлкен болатұғын ұлының...

Сол азалы,

сол азалы молада...

гүлдер жатты тебіренип жетімді.

Сол оқ гүлдер елестеді балаға

госпитальдың ақ дәкесі секілді.

Ауыр тулаар түсті сырғыш асыға, басталды-ай,

кеп дүлей несер базары.

Поляктар да келіп үлдің қасына

тұрды үнсіз. Барлығы да – азалы.

«Түсінеміз жүргегіннің бәйітін – деді біреу –

Ерсіз елі – немене?!

Туган елге алыш барып мәйітін

тұган жерге жерлекініз келе ме?..»

Жапырақты жел мұздатып, толы сызға тамызылан

түр жаңбыр жасқа ұқсанап қап.

«Жоқ! – деді Ұлы, – Менің әкем онсыз да жатыр

тұған Жер-Анасын құшактан...»

## КЕКТІ БАЛА

*Берік Көпбаевқа*

Пушкин десе жанарың лапылдайды,  
Тұла бойға тоғысып ақыл, қайғы.  
Сендер барда сенем мен, мына өмірде  
Сүлтұлықта қарсы оқ атылмайды!  
Пушкин десе жанарың лапылдайды.

Есенинді айтасың еміреніп,  
Хиросима қақында тебіреніп.  
Сен оларды тапқалы,  
Дүниенің  
Қайғы-мұны тауыпты – Сені келіп!  
Еміреніп сөйлейсің, тебіреніп.

Заулап ғасыр өтсе де, ұшып көп күн,  
Жүргіңе жасыны түсіп көктің –  
Еске түссе Лермонтов, қанат байлан,  
Кавказ жаққа келеді ұшып кеткің!  
Жүргіңе жасыны түсіп көктің.

Қойшы... Айта бермеші... Жетті, бала!  
Кез жасынды көшіріп кеттім ала.  
Балаларды сүйемін – пәк! Дегенмен  
Сені ерекше сүйемін, кекті бала!  
Қойшы... Айта бермеші... Жетті, бала!

Ал, ағанды тенеме наркескенге,  
Менен өткен шерлі жоқ зар кешкенде.  
Мен бір – оқпын, құлышым... Пушкиндердің  
Тимей кеткен оғымын – Данテстерге!  
Менен шерлі адам жоқ зар кешкенде...

\* \* \*

Халқына, мұлде, сенбекен,  
Арбалып тақ пен алтынға.  
Хан біткен қанға шөлдеген,  
Қалды сол қарau қалпында.

Молдалар көzsіз сандалып,  
Намазға құлаап теңселе –  
Абайға сенбей... арбалып.  
Аллаға ғана сенсе де –

Өлді ұлып естіп көп пенде  
Өмірде болған өтімді.  
Сеп болмай шен де, шекпен де,  
Өткінші затқа өкінді.

Пыш–пыштар өлді бақырып  
Айта алмай соңғы ариясын.  
Ішкіштер өлді ақыры  
Сарқа алмай шарап дариясын.

Сұлулар өлді сәнімен  
Кете алмай жерге ну егіп,  
Кор болып шалдың тәнінен  
Ләzzат емес – у еміп!

Пакырлар өлді – тірлігін,  
Өзінше жасап шайқап-ақ.  
Ақындар өлді – бір-бірін  
Тотықустайын қайталап!

Өлімнің заны: «Көн!» – деген,  
Шежіре жыр ғып баяндар.  
Бәрі де – өлді.  
Өлмеген –  
Рубайлар, Омар Хайямдар.

\* \* \*

Қап-қара түн...  
Зілмауыр қап-қара түн.  
Зауал шақ қой мәңгі есте сақталатын.  
Аяр сезім арбады тұл бойынды,  
Аялдатпай уақытқа – ақталатын.  
Қап-қара түн.

Құмар сәт боп елестеп күнә мына,  
Жаттың жауп таба алмай сұрағына.  
Қара түндей қатыгез қара кісі  
Сайтан құсап сыйырлап кулағына.  
Әзөзілдін дидарын көріп-тәніп,  
Жаттың үнсіз талықсып өліп-тальш,  
Көзін алды қап-қара, қара түнек,  
Жарық дуние жалп етіп сөніп қалып!

Тілсіз үрей басынып бар алапты,  
Ләzzат пенен сүмдікты сарапатты.  
Арбап айған тәнінді қара жылан  
Пәк тәніне өрмелеп бара жатты...

...Алаң оймен оянып ала таңда,  
Жаттың ұқсан жазықсыз балапанға.  
Қара жылан шақдан сол қара түнде  
Ақ тәнінде қап қойды – қара таңба.

## ДАЛА ФИЛОСОФИЯСЫ

Дала десен жарқ өтер –

Данқым! –

Деген бір өлең.

Дала десен жарқ өтер –

Халқым! –

Деген бір өлең.

Мархабатым шығар-ау Махамбеттің тұғаны.

Ер ұлдарым болмаса –

Ез екем деп жүрер ем!

Дала десен жарқ өтер –

Сұлулық! –

Деген бір өлең.

Дала десен жарқ өтер –

Ұлылық! –

Деген бір өлең.

Арман шығар даламда Абайымның тұғаны.

Абайларым болмаса –

Ақымақпрын! – деп жүрер ем...

Тарих Стадионы – Дала! Тәні – қан-жоса!

Жалт қарады Ұлына ол көгін туман торласа.

Батырлары болмаса – корқақ бүкіл адамзат.

Ақымақ бүкіл адамзат – Ақындары болмаса!

## ТЕЛЕФОНДАҒЫ ӘҢГІМЕ

– Амансың ба?  
Қандайсың бұл күндері?  
Танымай да қалың мүмкін мені?  
Жас дәуренім өтіпті тез менің де,  
Хабарсызың...  
Мәнгіге безгенің бе?  
Сен түсесің есіме жалғызырап,  
Жабыққан кездерімде...

– Гүл ғой – жастық, күзге қап – үсіп кеткен.  
Сейлекендей болдың-ау түсіп қөктен?  
Мен де жалғыз отыр ем...  
Келіншегім  
Жолаушылап Ташкенге үшүп кеткен...  
– Жалғызың ба? Адамды, ая, Құдай!  
Жаным, міне, жалынды жай оғындарай.  
Күмілжімей... Жетсенші!  
Аэропорттан  
Күтіп алам бас иіп баяғыдай!

– Кездескен жөн... Айтатын сөзіміз көп,  
Гүл ғұмырдың курсінген көзіміз деп.  
Мен сені іздел барған ем талай рет,  
Енді бір сәт келсекші өзің іздел?!

...Бірге жүре алмадық біз беленде,  
Жүрегім – мұз.  
Кетпейтін сыз – денемде.  
Нанатұғын бір сылтау неге айтпайсың  
Табатұғын едің ғой – іздегендे?!

Ұмытпайды бір әйел мәнгі мені.  
Тұн ортасы.  
Күз...  
Басым мәнгіреді  
Осы тунде айтты екен қаншама адам  
Неше түрлі құпия әңгімені...